

Ақтөбе қаласы №34 орта мектебі

**Әлеуметтік педагогтің
2023-2024 оку жылы бойынша
жүргізген жұмыстарының
талдауы**

2023-2024 оку жылы

2023 – 2024 оку жылы бойынша әлеуметтік педагог жұмысының талдауы

Мектептің жылдық жоспары басшылықта алғыншылар, әлеуметтік педагогтың 1 жылдық жұмыс жоспары құрылды. 2023-2024 оку жылында мынадай мақсаттар мен міндеттер алға қойылып жұмыс жүргізілді.

Максаты

Әлеуметтік аз қамтылған, көп балалы отбасы балалары, жетім және ата-аналарының қамқорлығының қалған балалардың, мүмкіншілігі шектеулі балалардың әлеуметтік жағдайларын қадағалап, оған заман талабына сай көмек көрсету, құқығын қорғау, өмір сұру мүмкіндігіне, әлеуметтік бейімделуіне, қоғамнан шеттелмеуіне мүмкіндік жасау.

Міндеттері

- Мектепте, отбасында, өмір сұру ортасында, баланың тұлғалық дамуына тікелей әсер ету;
- Баланың құқықтары мен қызығушылықтарын, мектепте баланың қорғанышы ретінде өзі немесе басқа да мамандарды қатыстыра отырып қорғау;
- Әлеуметтік қатерлі отбасыларды анықтау;
- Қорғанышы мен қамқоршыларды қажет ететін балалар мен жастарды анықтау және есепке алу жұмыстарын жүргізу;
- Салауатты өмір салтын ұйымдастыру мәселелерімен айналысу, ыстық тамақпен қамтамасыз етуді бақылау;
- Жалпыға міндетті білім беру қорынан материалдық көмек берілетін оқушылардың тізімін талдау, бекіту;
- Оқушылардың бос уақыттарын ұйымдастыруды көмек көрсету;
- Қамқорлық акциясын ұйымдастыру.

Оқушылардың әлеуметтік құрамы

2023-2024 оку жылының тамыз-қыркүйек айларында класс жетекшілермен біріге отырып, мектебімізде оқытын оқушылардың әлеуметтік жағдайлары зерттелініп, әр кластиң әлеуметтік паспорты дайындалды. Оку жылының басында атаулы әлеуметтік көмек алғын отбасы балаларының саны - 7; АӘК алмайтын, күнкөрісі тәмен отбасы балалары- 23 ; алқалы басқару органның шешімімен көмекке ілінген оқушылар саны -5; мүмкіндігі шектеулі тобындағы оқушылар саны – 8, мүмкіндігі шектеулі оқушылардың 3-і инклузивті білім аллады, олар 6 «Ә» класс оқушысы Аманкелді Нұрасыл, 7 «А» класс оқушысы Амангельдин Илияс, 5 «А» класс оқушысы Амангельдина Айша. Өгей ата-анамен тұрып жатқан оқушылар саны -10. Мектеп психологы, класс жетекшілермен бірлесіп, аталған санаттағы отбасының материалдық-тұрмыстық ахуалдары зерделенді.

Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету

Оку жылының басында ыстық тамақты ұйымдастыру жұмыс жоспары, асханадан тамақтандыруды ұйымдастыруға жауапты қызметкерлер бекітілді.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында жаңа оку жылынан бастап Қазақстанның барлық өнірлерінің бастауыш класс оқушылары әлеуметтік мәртебесіне қарамастан тегін тамақтандырылуда. Ыстық тамақ Ақтөбе облысындағы жалпы білім беретін мектептердің тамағын ұйымдастыру бойынша жұмыс тобының хаттамасы бойынша білім басқармасы басшысы бекіткен, Ақтөбе облысы бойынша жалпы білім беретін мектептердің жекелеген санаттағы және 1-4 сыныптардың барлық оқушыларына тегін ыстық тамағын ұйымдастыруға арналған 2 апталық ас мәзіріне сәйкес дайындалады. Әлеуметтік көмекті қажет ететін жекелеген санаттағы 19 оқушының ата-аналарынан мектеп асханасынан тегін тамактануға өтініштер қабылданып, тиісті құжаттар жинақталды. Жекелеген санаттағы оқушылардың ішінде 5 оқушы ата-анасы атаулы әлеуметтік көмек аллады, 9 оқушы- күнкөрісі тәмен, 5 оқушы алқалық комиссия шешімімен есепке алынған.

Тамақтану кестесіне сай оку жылының басында, I ауысымда жекелеген санатты 9 оқушы және 1,4 кластиң 109 оқушысы , II ауысымда 10 оқушы және 2,3 кластиң 107 оқушысы, жалпы 235 оқушы тегін тамақтанса, оку жылының соңында I ауысымда жекелеген санатты 9 оқушы және 1,4 кластиң 106 оқушысы , II ауысымда 10 оқушы және 2,3 кластиң 106 оқушысы, жалпы

231 оқушы тегін тамақтанды. Оқушылардың күнделікті тамақтануы класс жетекшілері мен әлеуметтік педагог тараپынан бақыланады.

Оку жылы	Тамақ ішетін барлық оқушы саны	Түске дейін I кезең уақыты 9.25, II кезең 10.20	Түске дейін 9.25-те тамақ ішетін бала саны	Түске дейін 10.20-да тамақ ішетін бала саны	Түстен кейін I кезең уақыты 14.55, II кезең 15.50	Түстен кейін 14.55-те тамақ ішетін бала саны	Түстен кейін 15.50-де тамақ ішетін бала саны
ОЖ басы	235 (19+216)	118	49 (1-класс)+ 9 (5-11 класс). 58 оқушы	60 (4-класс)	117	51 (2-класс) + 10 (5-11 класс) 61 оқушы	56 (3-класс)
ОЖ соны	232 (19+213)	116	48 (1-класс)+ 9 (5-11 класс). 57 оқушы	59 (4-класс)	116	50 (2-класс) + 10 (5-11 класс) 60 оқушы	56 (3-класс)

Мектеп асханасында тамақтану сапасына мерзімдік бағалау жасап, мониторинг жүргізетін бракераж комиссиясының құрамында мектеп директоры А.Ж. Айзакова, қамқоршылық кеңесінің төрайымы А.А.Кокимова, директордың ТДЖ орынбасары Б.Р.Утебаева, директордың ШДЖ орынбасары А.К.Мамбеталина, мектеп медбикесі Ә.Н.Тұнғат, ата-аналар төрайымы Т.М.Жусипова, әлеуметтік педагог Г.К.Азаматова бар.

Бракераждық комиссия мүшелері жеткізілетін тамақ өнімдерінің сапасын, тағамдарды дайындау технологиясын, мәзірдің дұрыс жасалуын, азық-түлік пен дайын тағамдарды сақтау мерзімдері мен шарттарының сақталуын қадағалап, мониторинг жүргізіп отырады. Бракераждық комиссия ай сайын асхана жұмысына тексеру жүргізіп, акт толтырады. Тексеру нәтижесі әлеуметтік желіде жарияланды.

Балалардың дұрыс тамақтануын үйымдастыру жоспарына сәйкес төмендегідей іс-шаралар өтілді. 5-6 класс оқушылары арасында «Ас-адамның арқауы» тақырыбында сурет көрмесі үйымдастырылды. Оқушылар салған суреттері арқылы адам ағзасына дұрыс тамақтанудың пайдасы жөнінде, дәрумендер көзі - көкөністер мен жеміс-жидектер туралы қызықты акпараттар бере білді. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша 1-4 кластарда «Денсаулық-бақытым, байлығым» тақырыбында класс сағаттары өтілді. Денсаулық құніне орай №1 қалалық емханасының салауатты өмір салтын қалыптастыру маманы Л.Х.Жантолинаның қатысуымен 9 -11 класс оқушыларына флешмоб үйымдастырылды. 1-11 кластар арасында «Тәттілер жәрменкесі» қайырымдылық акциясы үйымдастырылып, түскен каражатқа көп балалы аз қамтылған 3 отбасыға азық-түлік жөнінен көмек көрсетілді. Желтоқсанда тамақтануды үйымдастыру мәселелері бойынша ата-аналардан және оқушылардан сауалнама алынды. Сауалнама мектептің 1-11 класстан 321 оқушы және 314 ата-ана қатысып, өз жауаптарын берді. Сауалнама нәтижесінде ата-аналар мен оқушылардың басым көпшілігі сауалнама бойынша мектептегі тамақтану сапасына, мектеп асханасының жұмысына жақсы баға берді; асхананың санитарлық жағдайын «жақсы» деп санайды. Наурыз айында 5-8 класс оқушылары арасында «Пайдалы, зиянды тағамдар-менің өмірімде» тақырыбында плакаттар шеруі шарасы өтілді. Бастауыш класс оқушыларына мектеп медбикесі «Дұрыс тамақтану-болашақ ұрпақтың денсаулығы» тақырыбында баяндама оқыды. Сәуір айында көркем еңбек пәні мугалімдері көркем еңбек пәнінен «Тамақтану мәдениеті» бөлімі бойынша оқушыларға дұрыс тамақтану ережелері, тамақтану пирамидасы, ас мәзірін құрастыру туралы мәліметтер бере отырып, практикалық жұмыстар жүргізді.

Қамқорлық шаралары

Жаңа оку жылы қарсандында жетім және ата-анасының қамқорлығының қалған, аз қамтылған отбасы балалары мен мүгедек тобындағы оқушыларға материалдық және басқа да көмек көрсету мақсатында үйымдастырылатын республикалық «Мектепке жол» акциясының іс-шаралар жоспары құрылды. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушылар тізімі анықталды.

Акция барысында «Мемлекеттік білім беру үйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең тәменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмөн отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығының қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың

салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қантардағы N 64 Қаулысын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-Агарту Министрлігінің 12.07.2023 жылғы №5-15-2/4176-И, Ақтөбе облысының білім басқармасының 18.07.2023ж күнгі №2/3227, Ақтөбе қаласының білім бөлімінің 20.07.2023ж күнгі №02-03/1650 хаттарына сәйкес мектебіміздің 32 окушысына қаржылай көмек көрсетілді. Оның ішінде атаулы әлеуметтік көмек алғышы – 6 (Альменова Құндызы, Бегімбетов Исламбек, Кенжебаева Нұрби, Кульмухамбетов Али, Темірболатов Мирас, Берик Айшат), күнкерісі тәмен отбасы окушылар саны - 21, алқалық кеңес шешімімен енгізілген -5 окушы (Аманкелді Нұрасыл, Аманкелді Ерқанат, Молдабай Нұрали, Молдабай Ақниет, Қалдыбек Дәнекер). Ата-аналардың өтініштері негізінде қаржылай көмек көрсетуге мұқтаж әр окушының құжаттары тексеріліп, отбасының тұрмыстық жағдайлары зерттелінді. Аталған білім алушылардың әрқайсысына бөлінетін қаражат көлемі қолданыстағы республикалық бюджет туралы заңнамаға сәйкес ең тәмен күнкеріс деңгейінің шамасынан тәмен емес мөлшерде, яғни 40567 (қырық мың бес жүз алпыс жеті) теңге төленді.

Сондай-ақ, мектебіміздің аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларына қолдау, демеушілік көрсету үшін түрлі мекемелерге сұраныс хаттар жолданды. Мектептен жолданған сұраныс-хатты қанағаттандырып, "Kaspi bank", "EMPERUM" туристік фирмасы мектебіміздің аз қамтылған отбасы балаларына қолдау көрсетіп, өз көмектерін ұсынды, окушыларға оқу құралдары мен киім-кешек тарту етті:

"Kaspi bank" 5 окушыга -200000 теңгеге көмек

№	Окушының аты-жөні	класы	категориясы
1	Абдер Ансар Нурбергенқызы	1	көп балалы
2	Кәдіргалиев Бек Райымбекұлы	1	аз қамтылған
3	Ханкелді Әділжан	1	аз қамтылған
4	Ізмағанбет Ибраһим Жасаралұлы	3	аз қамтылған
5	Молдабай Нұрәли Жангелдыұлы	7	аз қамтылған

"EMPERUM" туристік фирмасы **10 окушыга -350000** теңгеге оқу құралдары мен киім-кешек

№	Окушының аты-жөні	класы	статусы
1	Хабиров Омар	2ә	аз қамтылған
2	Амангелді Алдияр	2ә	аз қамтылған
3	Алданыш Амина	2ә	аз қамтылған
4	Темірғали Аяп	7а	аз қамтылған
5	Тұрар Нұрсұлтан	3а	аз қамтылған
6	Ханкелді Ақбаян	4ә	аз қамтылған
7	Есет Әділет	3а	аз қамтылған
8	Төребек Келбет	3ә	аз қамтылған
9	Куставлетов Еркеулан	5ә	аз қамтылған
10	Шатырхан Айлин	5ә	аз қамтылған

Акцияға қатысып, балалардың мектепке дайындығына үлес қосып, демеушілік жасаған ұжымына ризашылығымызды білдіріп, "Мектепке жол" республикалық акциясының өтілу барысы мектеп инстаграмына уақытылы жарияланды.

Президент атынан өтетін Жаңа жылдық шыршаға күнкөрісі төмен, асыраушысынан айрылыған, толық емес отбасы окушысы Маратова Аиша, қалалық маслихат депутаттарының ұйымдастыруымен өткізілген шыршаға аз қамтылған окушы Қалдыбек Дәнекер қатысып, оларға тәттілермен қоса бағалы сыйлықтар тарту етілді. Сондай-ақ, облыстық білім басқармасының атынан өтетін шыршаға З окушы - ЕББҚ окушы Аманкелді Нұрасыл, АӘК алатын отбасы балалары Бегімбетов Исламбек, Бисенғали Аяулым, қала әкімінің шыршасына көп бағалы отбасы окушысы Сапартілеу Ерасыл қатысты.

Ақпан –наурыз айында «Қайырымдылық керуені» республикалық акциясы аясында мектебімізде «Қоржын» акциясы өткізілді. Төменгі қабатта қайырымдылық жәшігі қойылды. Қайырымдылық шарасында жиналған қаражатқа азық-түліктөр алынып, күнкөрісі төмен отбасыларға тарту етілді.

Қала сыртындағы лагерьге демалу үшін жекелеген санаттағы-атаулы әлеуметтік көмек алатын 4 окушының құжаттары жинақталуда.

Алдағы оқу жылдарының міндеттері

Әлеуметтік педагогтың 2023-2024 оқу жылы бойынша жүргізілген жұмысын қанағаттанарлық деп есептеп, келесі 2024-2025 оқу жылына мынадай **міндеттер** алға қойылады:

- Эр тұлғаның психология-медико-педагогикалық жағдайының ерекшелігін, микроортасын, өмір сүру жағдайын, өмірге қызығушылығын, жеке әлеуметтік жағдайларын зерттеу - анықтау, өз уақытысында әлеуметтік көмек көрсету, мұддесін қолдау, құқығын қорғау.
- Мектепте, отбасында, өмір сүру ортасында, баланың тұлғалық дамуына тікелей әсер ету
- Баланың құқықтары мен қызығушылықтарын қорғау;
- Бала тәрбиесінде отбасына әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету. Әлеуметтік қатерлі отбасыларды анықтау.
- Қорғанышы мен қамқоршыларды қажет ететін балалар мен жастарды анықтау және есепке алу жұмыстарын жүргізу.
- Мінезд-құлқында ауытқу байқалатын балалар мен жастарды дер кезінде анықтау.
- Салауатты өмір салтын ұйымдастыру мәселелерімен айналысу.
- Оқушыларды мектепішілік, қалалық, облыстық шаралар мен байқауларға қатыстыру.

Мектеп директоры

Айзакова А.Ж.

Әлеуметтік педагог

Азаматова Г.К.

